

28.04.2022 жылы Жарты төбе ауылдық округі тұрғындарымен кездесу болып өтті. Жиналысқа аудан әкімі М.Отаршиев, пен «Аманат» партиясынан сайланған депутат, аудандық мәслихат хатшысы С.Таскулов, аудандық мәслихаттың бір топ депутаттары, ауданның дербес бөлім басшылары, ауыл билері, жергілікті қоғамдастық мүшелері, ауыл тұрғындары және жергілікті полиция инспекторлары қатысты.

Аудан әкімі алдымен Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы тоқталып, одан соң Сарыағаш ауданында атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады. Кездесу барысында, тұрғындардың басым бөлігі табиғи газбен қамту, ауыз су және ағын су, дәрігерлік емхана салу, электр желілерін жаңарту, асфальт төсеу туралы өтініштерін жеткізді. Аудан әкімі тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтар мен өтініштеріне жауап берді.

Аудандық мәслихат хатшысы С.Таскулов ауылдық округ тұрғындарына «Сарыағаш аудандық мәслихатының атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы» баяндама жасап, атқарылған жұмыстарға толығымен тоқталып, сонымен қатар аудандық мәслихат депутаттарының өз тараптарынан демеушілік есебінен атқарып жатқан жұмыстарымен де таныстырды. Жергілікті атқарушы орган және аудандық мәслихат алдағы уақытта да бірлесе отырып жұмыс істесек ауданымыз одан әрі дамитындығына сенімін жеткізді.

Кездесу қорытындысымен ауыл тұрғындары атқарған жұмыстарды оң бағалап, ауыл ақсақалдары батасын берді.

Сонымен қатар, кездесуден кейін аудан басшысымен бірге ауылдық округ тұрғындарын жеке өтініштері бойынша да арнайы қабылдадық. Қабылдауда тұрғындар атаулы әлеуметтік көмек, ауыз су және тұрғын үйін құжаттандыру бойынша өтініштерін тыңдап, тұрғындар көтерген шағым-өтініштерге заң аясында жауап берілді.